

Жас – 2024

06.06.24ж. күні дене шынықтыру мұғалімдерінің ұйымдастыруымен ритмикалық гимнастика ұйымдастырылды.

С.Нұрмағамбетов атындағы №72 ЖОББМ «Балбұлақ» жазғы сауықтыру алаңы оқушыларымен 06.06.24ж. күні дене шынықтыру мұғалімдерінің ұйымдастыруымен ритмикалық гимнастика ұйымдастырылды. Әр топ оқушыларына гимнастикалық жаттығулар жасатылды. «Біз жүйрікпіз, шапшаңбыз» деген тақырыпта топ балаларына эстафеталық жарыс жүргізді. Осы жарыс ойындарында «Сұңқар», «Бірлік» топтары өздерінің жүйріктігімен, шапшаңдығымен ерекше көзге түсті. Музыкадан үйірме жетекшісі Ш. Дүкенбаев «Әншілерді танысың ба?» деген тақырыпта оқушыларға музыкалық ойын өткізді. Қазақтың өнерін, мәдениетін дамытып жүрген талантты әншілердің орындауындағы әндерді оқушыларға тыңдатты. Олар зейіндерін әнге қоя отырып, қай әнші орындағанын тауып отырды.

06.06.24ж. күні дене шынықтыру мұғалімдерінің ұйымдастыруымен ритмикалық гимнастика ұйымдастырылды.

С.Нұрмағамбетов атындағы №72 ЖОББМ «Балбұлақ» жазғы сауықтыру алаңы оқушыларымен 06.06.24ж. күні дене шынықтыру мұғалімдерінің ұйымдастыруымен ритмикалық гимнастика ұйымдастырылды. Әр топ оқушыларына гимнастикалық жаттығулар жасатылды. «Біз жүйрікпіз, шапшаңбыз» деген тақырыпта топ балаларына эстафеталық жарыс жүргізді. Осы жарыс ойындарында «Сұңқар», «Бірлік» топтары өздерінің жүйріктігімен, шапшаңдығымен ерекше көзге түсті. Музыкадан үйірме жетекшісі Ш. Дүкенбаев «Әншілерді танысың ба?» деген тақырыпта оқушыларға музыкалық ойын өткізді. Қазақтың өнерін, мәдениетін дамытып жүрген талантты әншілердің орындауындағы әндерді оқушыларға тыңдатты. Олар зейіндерін әнге қоя отырып, қай әнші орындағанын тауып отырды.



Әңгілерді танымсызба?

Музыкалық ойындар

ӘН салу

Дәстүрлі әңгілер
Жетрақ әңгілері
Опера әңгілері







05.06.24 жылы “Балбұлақ” жазғы сауықтыру алаңы оқушыларымен Дендросаябаққа саяхат

05.06.24 ж. күні С. Нұрмағамбетов атындағы 72 ЖОББМ “Балбұлақ” жазғы сауықтыру алаңы оқушыларымен Дендросаябаққа саяхат жасалды. Ашық аспан астында балалармен әр түрлі спорттық ойындар ойнатылды. Таза ауа, тамаша табиғат аясында топ жетекшілері өздерінің топтарына “Тазалық – денсаулық кепілі” деген тақырыпта әңгіме-диспут жүргізді. Сондай-ақ топ оқушыларының ақыл-ой жүйесін дамыту мақсатында зияткерлік ойындар ұйымдастырылды: ребус, сөзжұмбақтар шешті. Балалар мен топ, үйірме жетекшілері таза ауа аясында керемет демалып қайтты.



1













03.06.2024 жылы “Балбұлақ” жазғы алаңы Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектеп жанындағы “Балбұлақ” жазғы алаңы 03.06.2024жылы “Спорт денсаулық кепілі” тақырыбында ұлдар арасындағы эстафеталық ойындар ұйымдастырылды. “Шебер қолдар” тақырыбында қыздар арасында әр түрлі заттармен бұйымдар жасалды. Өз шығармашылық жұмысын көрсете алған Медет Алуа мен Асқар Аружан оқушыларымызға алғыс білдіреміз.







31.05.2024жылы «1-маусым Балаларды қорғау күніне» орай «Біз бақытты баламыз» тақырыбында асфальтқа сурет салу жұмысын ұйымдастыру

Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты С.Нұрмағамбетов атындағы N72 жалпы орта білім беретін мектеп жанындағы “Балдәурен” жазғы алаңы 31.05.2024жылы “1-маусым Балаларды қорғау күніне” орай “Біз бақытты баламыз” тақырыбында асфальтқа сурет салу жұмысын ұйымдастырды.Мақсаты: балалардың танымдық қабілетін арттыру, болашаққа мақсат қоя білуге тәрбиелеу.Іс-шара барысында балалар асфальтқа түрлі суреттер салып, бояды. Бүлдіршіндер артынан өлең айтып, би билеп, көңілді қайтты











«Үш тілді білу-заман талабы» атты ағылшын тілі сабағы

С.Нұрмағамбетов атындағы №72 ЖОББМ «Балбұлақ» жазғы сауықтыру алаңында 31.06.24ж. күні ағылшын тілі үйірмесінің жетекшісі Г.Бердалиева мен дене шынықтыру мұғалімі И.Кочиев бірлесуімен жан-жақты тұлға тәрбиелеу мақсатында түрлі іс-шаралар өткізілді. Атап айтар болсақ, ең алдымен баланың интеллектуалдық білімін арттыру үшін «Үш тілді білу-заман талабы» атты ағылшын тілі сабағы өтілді. Аталмыш сабақта балаға тілдің құндылығын ұғындыру мақсатында көрнекіліктер арқылы түрлі топтық жұмыстар мен жарыстар ұйымдастырылды. Сонымен қатар, балаларды ғылымға қызықтыру үшін әрі ой-өрісін дамыту үшін «Ойнайық та, ойлайық!» атты логикалық қызығушылығын арттыру ойыны өткізілді. Балалар бұл ойын арқылы миға шабуыл жасап, ойларын сергітіп алғаны байқалды. Әлбетте, балалар сауықтыру алаңында жүргендіктен спорттық шаралар ұйымдастырылуы міндетті. Сондықтан да, балалардың тек ойы емес, бойы да сергу үшін «Көңілді старт» атты қызықты эстафеталық ойындар ұйымдастырылды. Нәтижесінде, «Бірлік», «Достық» тобының өзара ауызбіршілігі артып, балалар бір-бірін жақсырақ тани түсті және де тартысты сайыс арқасында қызықты уақыт өткізді.











«Балдәурен» жазғы алаңы 30.05.24ж жұмысын таңғы жаттығумен бастады.

Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты С.Нұрмағамбетов атындағы N72 жалпы орта білім беретін мектебінде “Балдәурен” жазғы алаңы 30.05.24ж жұмысын таңғы жаттығумен бастады. Балалар бүгінгі күнді тамаша көңіл-күймен бастай отырып, топтық жұмыстар жүргізді. Топта “Мен жылдаммын”, “Жылдам жеткіз”, “Ертегілер әлемі”, “Мен кімін?” ойындары жүргізілді. Топта жасалған жұмыстар балалардың бойына сенімділікті, іздепаздықты, сүйіспеншілік пен достықты оята білді. Топтарда жүргізілген жұмыстар балалардың қызығушылығын арттырып, бүлдіршіндер жақсы көңіл күймен қайтты.
















«Жолда жүру ережесімен» таныстыру

29.05.24 жылы «Балбұлақ» жазғы сауықтыру алаңы оқушыларымен балаларды мектеп алаңына жинап, «Жолда жүру ережесімен» таныстыру жұмыстары жүргізілді. Балалардың білімдерін толықтыру мақсатында әр топты бір-бірімен жарыстыра «Абайлаңыз, бағдаршам» деген тақырыпта білімділер сайысы өтті. Сайыста «Қыран», «Алғырлар», «Білгірлер» тобы жақсы нәтиже көрсетті. Жол белгілері бойынша сурет салдыру мақсатында «Қош келдің, көңілді жаз!» деген тақырыпта субояумен сурет салу жарысы ұйымдастырылды. Жолдыбай Адина, Саттыбек Жанерке, Заттар Кәусар деген оқушылар өздерінің ерекше таланттарын танытып, тамаша суреттер салды.



Кулақтан кіріп бойды алар,
Әсем ән мен тәтті күй.
Көңілге тұрғы ой салар
Әнді сүйсең, менше сүй











“Қош келдің, көңілді жаз!” субояумен сурет сайысы және “Мен болашақ дизайнермін!” Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектеп жанындағы “Балбұлақ” жазғы алаңы 30.05.2024 жылы “Қош келдің, көңілді жаз!” субояумен сурет сайысы және “Мен болашақ дизайнермін!” тақырыбында қыздар арасындағы сурет сән көрмесі сайысы жұмысы ұйымдастырылды. Мақсаты: Сурет салу білім алушыларға эстетикалық тәрбие тұрғысынан беретін басты нәрсе – бейнелеу өнері арқылы дүниежүзілік мәдениетпен танысу. Яғни табиғаты, жан-жануарларды, жалпы дүние жүзін көре отыра және оны салып мұқият танысады. Сөйтіп бала табиғатқа жақын болады.










Торандек Сандор 8"3"













«Бақытты балалық шаққа саяхат!»

Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінде 28.05.2024 жылы “Балдәурен” жазғы сауықтыру мектеп лагері күнделікті жұмысын таңғы жаттығумен бастады. “Бақытты балалық шаққа саяхат!” атты концерттік қойылым болып өтті. Мақсаты: балдардың бойындағы өнерін тамашалай отырып, болашаққа деген көзқарастарын қалыптастыру. Қойылымға мектеп басшысы Б.Н.Усманов қатысып, балаларға жылы лебізін білдіріп, жазғы демалысты тиімді пайдалануды айтып өтті. Мектеп- білім берумен қатар тағылымды тәрбие түрлерін ұйымдастыратын өнеге ордасы. Ұйымдастырушылардың шеберлігімен ұштасқан іс- шаралар балалардың бойына рухани азық болып, жарқын болашаққа жетекші

болмақ. Іс- шара барысында оқушылар ән шырқап, би билеп, өнерлерін ортаға салды. Керемет іс- шаралар балалардың бойына ізгілік пен рухани азық бола білетіні сөзсіз. Бүлдіршіндер жақсы көңіл күймен қайтты.











28.05.24 ж. күні С. Нұрмағамбетов атындағы №72 ЖОББМ жанынан ашылған «Балбұлақ» жазғы сауықтыру алаңына белгіленген оқушылар қабылданып, «Келіңдер, танысайық!» деген тақырыпта шаттық шеңбері құрылып, әр топ жетекшілері өздерінің топтарымен таныстыру жұмыстарын жүргізді. Дене шынықтыру мұғалімдері балаларға салауатты өмір салтын құру мақсатында таңғы жаттығу жасатқызды. Барлық топ жетекшілері оқушыларға өздерінің топтарының аттары мен ұрандарын, қауіпсіздік ережелері және жоспармен таныстырды. 1-топ. «Қыран». Жетекшісі: Жайықбек Гауһар Нұрғалиқызы 2-топ. «Сұңқар». Жетекшісі: Лесбек Бекарыс 3-топ. «Достық». Жетекшісі: Тұрсынова Ақжарқын 4-топ. «Жас ұлан». Жетекшісі: Сарсенбаева Айнур 5-топ. «Жалын». Жетекшісі: Кокумбекова Бануб 6-топ. «Бірлік» Жетекшісі: Байбосынова Гүлнұр 7-топ. «Дарын» Жетекшісі: Серікбаева Динара 8-топ. «Алғырлар» Жетекшісі: Оразбекова Фатима 9-топ. «Толағай» Жетекшісі: Оразбекова Мадина 10-топ. «Үздіктер»

Жетекшісі: Орынбасарова Балжан«Балбұлақ» жазғы сауықтыру алаңының ашылу салтанатты жиынын алғашқы әскери дайындық жетекшісі Адилбаев Эльдар мектеп директорына рапорт беруімен басталды. ҚР Мемлекеттік Әнұраны шырқалған соң, сөз кезегі мектеп директоры Б. Н. Усмановқа берілді. Бегмат Нұралыұлы балаларды құттықтап, өзінің жылы ыстық ықыласын білдірді. ДОІЖО Г.С. Жекенова оқушыларды қауіпсіздік ережелерімен және сауықтыру алаңының жоспарымен таныстырды. Жүргізуші Ғ.Н. Дуйсенова әдемі өрілген өлеңдермен балаларға шабыт сыйлады. Мектептің музыка пәні мұғалімі Ш. Дүкенбаев өнерпаз оқушылардан құрылған оркестрмен «Ер Тұран» күйін шырқады. «Бірлік» тобының оқушысы «Туған жер» деген қазақтың әсем әнін айтып, балалардың рухын көтерді. Әр топтың балаларынан құрылған бірнеше оқушылар ортада «Флешмоб» биледі. Іс-шара соңында әр топ жетекшілері өздерінің топтарымен естелік суреттерге түсті. Ары қарай топтар өздерінің кабинеттеріне қарай жол тартып, оларға бір-бірлеріне шын ықыласпен айтылатын «Жылы лебіз» ойыны ойнатылды. [толық мағлұмат](#)















«БАЛДӘУРЕН» жазғы сауықтыру алаңы жұмысын бастады.

Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты 72 жалпы орта білім беретін мектебінде 27 мамыр күні «Біз бақытты баламыз!» тақырыбында «Балдәурен» жазғы сауықтыру алаңының ашылуы болып өтті.

Мақсаты: балалардың денсаулығын нығайту, оқушылар санасына мәдени құндылықтар мен адамгершілікті бекіту, мектеп пен отбасы арасындағы байланысты нығайту.

Жиын барысында әр топ өздерін таныстырып, ұрандарын айтты.

Оқушылардың денсаулығын нығайту мақсатында таңғы жаттығулар жасалды. Топтар арасында ән шырқалып, би биледі. Көңілді спорттық ойындар ұйымдастырылды. Соңынан би алаңы болып, оқушылар көңілді қайтты.

ТОЛЫҚ ӨҢДЕУ

1

2

3

4

5

6

7

05.06.24 жылы “Балбұлақ” жазғы сауықтыру алаңы оқушыларымен Дендросаябаққа саяхат

05.06.24 ж. күні С. Нұрмағамбетов атындағы 72 ЖОББМ “Балбұлақ” жазғы сауықтыру алаңы оқушыларымен Дендросаябаққа саяхат жасалды. Ашық аспан астында балалармен әр түрлі спорттық ойындар ойнатылды. Таза ауа, тамаша табиғат аясында топ жетекшілері өздерінің топтарына “Тазалық – денсаулық кепілі” деген тақырыпта әңгіме-диспут жүргізді. Сондай-ақ топ оқушыларының ақыл-ой жүйесін дамыту мақсатында зияткерлік ойындар ұйымдастырылды: ребус, сөзжұмбақтар шешті. Балалар мен топ, үйірме жетекшілері таза ауа аясында керемет демалып қайтты.